БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ЖАСТАР САЯСАТЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ

БҰЙРЫҒЫ

№ 37-Н **«24» мамыр 2022 жыл**

Орал қаласы

2022 жылға арналған мемлекеттік сатып алу жылдық жоспарына мамыр айында өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 04 желтоқсандағы № 434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5-бабының 7-тармағына және жоспарланған бюджеттік қаражатын тиімді, дер кезінде игеру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 159 – «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша мамыр айында Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру бойынша қызмет алуына 82 464 теңге жоспарланып, бір көзден алу әдісімен тікелей шарт жіберу арқылы сатып алынсын.

2. Ашық конкурс тәсілімен қоғамдық пікірді зерттеу қызметі «Батыс Қазақстан облысы жастарының әлеуметтік көңіл-күйін анықтау» 1 607 142 теңгеге (*ҚҚС-сіз*) лот № 49803632 бойынша мамыр айында мемлекеттік сатып алу өткізілсін.

3. Мемлекеттік сатып алулардың жылдық жоспарына заң аясында тиісті өзгерістер мен толықтыруларды енгізу жұмыстарын бұйрыққа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде әкімшілік-ұйымдастыру бөлімі осы шараларды алсын.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау міндетін өзіме қалдырамын.

Басқарма басшысы **Д.Имашев**